

ҚРДСЖӘДМ Оңтүстік қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы
Қазақстан тарихы және әлеуметтік пәндер кафедрасы

Презентация

Тақырыбы: Мемлекеттің тарихи түрлері

Қабылаған:

Орындаған: Құдайбергелен Б

Группа: 101МЦД Б

ЖОСПАР:

- **Кіріспе.**
- **Негізгі бөлім:**
 1. **Мемлекет топтастырылуы мен жіктелуі.**
 2. **Мемлекет түрлері.**
- **Қорытынды.**



МЕМЛЕКЕТ

- Мемлекет — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы. Егемендікке, заңдастырылған зорлықты пайдалануға монополияға ие және қоғамды басқаруды арнайы механизмдер (аппарат) арқылы жүзеге асыратын қоғамдағы саяси билікті ұйымдастырудың еркеше түрі, саяси жүйенің орталық институты.



- **Мемлекет типологиясы (жіктелуі, топтастырылуы) дегеніміз мемлекеттерді өздеріне тән айырымдық белгілері негізінде біріктіріп топтастыруға мүмкіндік жасайтын, сөйтіп оның тарихи дамуындағы қисынын (логикасын) айқындайтын ғылыми жіктеу болып табылады.**



- **Формациялық тәсілді пайдаланып мемлекеттер типологиясын жасағанда айырымдық белгі ретінде қоғамдық-экономикалық формация категориясын яғни өндіріс тәсілінің әйтеуір біріне негізделген қоғамның тарихи түрі (типі) алынады. Формациялық типология бойынша мемлекеттердің төрт түрі болады, олар:**
- - құл иеленуші;
- - феодалдық;
- - буржуазиялық;
- - социалистік.
- **Қазіргі кезде мемлекеттің *шығыстық типі (түрі)* деген қарастырылуда, ол құл иеленуші мемлекеттен бұрын болған.**



□ **1. Формациялық тәсіл; 2. Өркениеттік тәсіл.**

Мемлекеттерді формацияға бөлу қоғамның экономикалық және әлеуметтік құрылысының ерекшеліктеріне байланысты. Мұндай тәсілді қолдану нәтижесінде қоғам таптарға бөлінеді де, олардың әрқайсысының экономикалық жүйеде өзінің ерекше орны болады. Құлдық дәуір қоғамында негізінен екі үлкен тап: құл иеленушілер мен құлдар болған. Жеке меншік құл иеленушілердің қолында болып, құлдар тек жұмыс істейтін құрал ретінде пайдаланылған. Сондықтан мемлекет те негізінен, құл иеленушілердің еркін білдіріп, солардың мүддесін қорғаған. Ондай мемлекетті *құл иеленушілік* мемлекет дейді. Феодалдық қоғам феодалдар мен шаруаларға бөлініп, ол қоғамның экономикалық негізін феодалдар және шаруалардың жеке меншігі құраған. Бұл қауымды феодалдық қоғам деп атайды. Феодалдық қоғамда да екі негізгі тап: феодалдар және оларға басыбайлы шаруалар болды. Мұндай қоғамдағы мемлекет *феодалдық мемлекет деп аталды*. Себебі, ол негізінен, феодалдардың еркін білдіріп, солардың мүддесін, меншігін қорғайды, шаруаларды феодалдарға бағынуға мәжбүрледі.



▣ Буржуазиялық қоғам да негізінен, екі таптан тұрады: буржуа жеке меншік иелері және өз еңбегінің күшімен ғана өмір сүретін жұмысшылар, шаруалар, ой еңбегі қызметкерлері. Мұндай қоғамда мемлекет, негізінен, жеке меншік иелерінің мүддесін қорғайды. Сонымен қатар қоғамда таптардың арасында қайшылықтардың асқынып кетпеуі үшін шаралар қолданылып, құқықтық тәртіп орнатуға қажетті әрекеттер жүзеге асырылады.



- ▣ **Марксизм-ленинизм ілімі негізінде ХХ ғасырдың басында *социалистік мемлекет* дүниеге келді. Мұндай мемлекеттің типі әр түрде қалыптасты. Оның басқа типті мемлекеттерден түбегейлі ерекшелігі – еңбекшілердің, жұмысшы табы мен шаруалардың еркін баянды етіп, солардың мүддесін қорғайтын мемлекет ретінде жариялануы болды.**



- **Құлиеленуші мемлекетте** үстемдік құрушы тап өзіне бағыныштылардың еңбегімен өндірілген бүкіл өнімді өзі иеленеді. Құлдар қандай да бір саяси, заңдық құқықтардан жұрдай. Оларды затқа ұқсатып сатуға, еш сұраусыз өлтіруге, азаптап қинауға болады. Мемлекет осы жағдайда ұзақ уақыт бойына тек құлиеленушілердің мүддесін қорғап келді. **Феодалдық мемлекетте** ірі жер иеленушілерінің, феодалдардың, помещиктердің шексіз билігі үстемдік құрды. Бұл мемлекетте бай тап шаруаларға жерді пайдалануға беріп, одан түскен пайданың бір бөлігін алып, еңбегін қанайды. Құлдардан айырмашылығы, феодалды мемлекетте шаруалар еңбек құралдары мен өз үйлеріне иелік етеді. **Буржуазиялық мемлекет** өндіріс дамуының индустриалды кезеңінде пайда болады. Мұнда ресми түрде заң алдына барлығының теңдігі жарияланады, сословиелік артықшылықтар жойылады. Ол азаматтарға жұмысшыларды жалдауға немесе жалдануға құқық береді





ҚОРЫТЫНДЫ



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы, 2007. [ISBN 9965-32-491-3](#)
- Теориялық саясаттану. Оқулық. — Алматы: Издательский центр ОФППИ «Интерлигал», 2005. [ISBN 9965-537-99-2](#)
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев — Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 жыл, [ISBN 5-89800-123-9](#), II том
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы, 2007. [ISBN 9965-32-491-3](#)
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. [ISBN 9965-822-10-7](#)

